

«Ерасыл» бөбекжай балабақшасы



**Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған
2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары.

Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Ікезек: Ұйымдастырушылық -ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну	мамыр	Меңгеруші Әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінді жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): -жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; -жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу; -жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; -жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы	мамыр	Меңгеруші Әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау беру: -балалардың денсаулығы мен өмірін қйымдастыру туралы; -балалар жарақатының алдын-алу ; -улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; -жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; -күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; -ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; МДҰ ауласында гүлзарларда,бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; -бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы; -спорттық жаттығулар ,ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; -алғашқы жедел көмек көрсету;	Мамыр маусым	Меңгеруші Әдіскер Медицина қызметкері
Балаларға нұсқау өткізу: -жарақаттанудың алдын-алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; -табиғатта серуендеу тәртібі туралы; -балабақша аумағында ,аулада жүру ережесі.	Мамыр маусым	Әдіскер Тәрбиешілер
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік ,дидактикалық ,әдеби ,публистикалық рескрстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету ,таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру	мамыр	Әдіскер

II кезең. Әкімшілік-басқару бақылау	мамыр	Меңгеруші Әдіскер
<p>Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары</p> <p>1) ауланы дайындау;</p> <p>- құм әкелу;</p> <p>- жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу,</p> <p>- ойын алаңдарын дайындау ;</p> <p>- жаздық шатырларды тазалау, әрлеу;</p>	мамыр	Меңгеруші Әдіскер Шаруашылық менгерушісі
<p>2) спорт алаңдарын дайындау;</p> <p>- құрал жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.)</p> <p>- қауіпсіздігін тексеру;</p>		
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	әдіскер
Күн тәртібінің орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер тәрбиешілер
<p>Назарға алынған бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - перспективлық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық; 	Маусым тамыз	Меңгеруші Әдіскер Медицина қызметкері
<p>Жедел бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын-алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы; 	Маусым тамыз	Меңгеруші Әдіскер Медицина қызметкері
III кезең . Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		

<p>-жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; -шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау,қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; -педагогтарды алғашқы көмек көрсетуге дайындау; -серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; -балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек,кеңс беру,тренинг,семинар және т.б); -эргонмикалық шешімдер қабылдау; -топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап,жетілдіріп отыру;</p>	<p>Маусым шілде</p>	<p>Әдіскер Тәрбиешілер Медицина қызметкері</p>
<p>Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі» Семинар –практикум; 1.Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары,ерекшеліктері» 2.Бейімдеукезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары» Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрі қажеттілігіне қарай өзгертіліп ,толықтырылады</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер Тәрбиешілер</p>
<p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1.Ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру -буклеттер; -инфографикалық ақпараттық паракшалар; -кітапшалар; -электрондық ақпарат көздеріне сілтеме . 2.Санитарлық бюллетеньдер шығару: -«ішек жұқпасы»; -«кене энцефалиті»; -«Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; -«Көкөністер ,жемістер.Дәрумендер»</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер Медицина қызметкері</p>
<p>Педагогтардың сұранысы бойынша әдістемелік көмек,кеңес беру.</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер Тәрбиешілер</p>
<p>Балалармен жұмыс</p>		

<p>«Алақай жайлары жаз келді» жазғы сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> -психозмоционалдық жайлылық калыптастыру; -өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; -денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т) -балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 34 т) -бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгеруді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); -элеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т) 	Жаз бойы	Әдіскер Тәрбиешілер
<p>Денешынықтыру-сауықтыру жұмыстары</p>		
<p>Балалар денсаулығы мониторингі</p>	мамыр	Тәрбиешілер
<p>Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру</p>	Жаз бойы	Тәрбиешілер
<p>Жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - таза ауадағы денешынықтыру; - ертеңгілік жаттығулар; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері. 	Жаз бойы	Тәрбиешілер
<p>Антропометрикалық көлшемдерді жүргізу</p>	жоспар бойынша	Медициналық қызметкер
<p>1. Спорттық ойын, жарыстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - спорттық ойындар; - спорт жарыстары: - эстафеталар. <p>2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар.</p> <p>3. Спорт мерекелері.</p> <p>4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).</p>	Жаз бойы	МДҰ меңгерушісі, тәрбиешілер
<p>Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату); - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - аukumды жуыну; - аяқты шаю; 	Жаз бойы	Тәрбиешілер

- тыныс алу жаттығулары. Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тынысалу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жазбойы	Тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: «Денсаулық сағаты».	Жазбойы	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жазбойы	Тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Жазбойы	Медбике Бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер Тәрбиешілер
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу	тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының аяғында ата-аналармен кері байланыс өткізу	тамыз	Тәрбиешілер
Денсаулық мониторингі		Тәрбиеші, Медициналық қызметкер
«Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау»		МДҰ менеджері, әдіскер

Бекітемін
Менгеруші



Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары
2 жас

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы 1 апта	
Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу Міндеті: Балалардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою.	03.06.2024ж
Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. Міндеті: Балалардың зейінін дамыту	04.06.2024ж
Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Міндеті: Балалардың еліне деген сүйіспеншілігін ояту	05.06.2024ж
Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. Міндеті: Ұлттық құндылықтарды дарыту	06.06.2024ж
Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». Міндеті: Физикалық дағдыларын қалыптастыру	07.06.2024ж
Маусым айы 2 апта	
Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету. Міндеті: Балалардың шығармашылық дағдысын дамыту, Мультфильм желісін айтып беру	10.06.2024ж

Ашылып жабылатын, құрастырмалы заттарды құрастыру бойына, көлеміне қарай топтастыруды қалыптастыру Міндеті: Балалардың бойында зейінін құрпестыруға аудару, заттардың көлімін анықтауға үйрету.	11.06.2024ж
Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. Міндеті: Балаларға жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету.	12.06.2024ж
Құстар «Балапан» (тауық, үйрек, қаз балапандарының біреуі) қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру Міндеті: Жыл құстарының түрін ажыратуды үйрету.	13.06.2024ж
Үй жануарлары:Қозы мен лақты салыстыру Міндеті: Үй жануарларын ажырату, қоршаған ортамен танысу	14.06.2024ж
Маусым айы 3 апта	
Шебер қолдар өнері: түймеленетін, бауланатын бұйымдарды түймелеуді, баулауды пысықтау Міндеті: Балалардың қол моторикасын дамыту	17.06.2024ж
Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»... Міндеті: Қоршаған ортамен танысу	18.06.2024ж
Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Міндеті: Балаларды зерттеу жұмысымен дағдыландыру	19.06.2024ж
Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар» ойындарын ойнату Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту	20.06.2024ж
Денсаулық іс – шарасы: «Су патшалығына саяхат» мерекелік қойылымдар өткізу Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту, сауықтару іс шарасын жүргізу.	21.06.2024ж
Маусым айы 4 апта	
Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Міндеті: Қоршаған ортамен танысу, зерттеу жұмысын жасау	24.06.2024ж

Құммен, сумен ойындар: хауыздағы (бассейіндегі) сумен ойындар ұйымдастыру Міндеті: балалардың сымбатын қалыптастырып, сауықтыру	25.06.2024ж
Ұлттық ойындар фестивалі. «Орамал тастамақ», Сақина салу, Асық ату ойындарын үйрету Міндеті: Ұлттық құндылықтарды дарыту, физикалық дағдыны дамыту	26.06.2024ж
Табиғат ауа райы: Күн шұғыласын айна арқылы бақылау, әңгімелету, құып ойнату Міндеті: Балалардың зерьеу дағдысын дамыту	27.06.2024ж
Ертегі шаңырағы: Киіз үйден немесе роботтардан (электронды құрал) ертегіні тыңдату Міндеті: Балаларды робототехника саласымен таныстыру.	28.06.2024ж
Шілде айы 1 апта	
Денсаулық іс-шарасы: «жалпақ табандылықты түзету жұмыстарын өткізу Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру Міндеті: Балалардың дене сымбатын түзеу іс-шарасы	01.07.2024ж
Дидактикалық ойын «Жұбын тап». Доппен дербес ойындар ойнату Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту	02.07.2024ж
Музыкалық іс шара «Астана – бас қала» Музыка: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту	03.07.2024ж
«Көңілді доп» үйірмесі: «Допты дәлдеп лақтыр» доппен түрлі ойындар өткізу Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту, сергіту	04.07.2024ж
Шілде айы 2 апта	
Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету Міндеті: Қоршаған ортамен танысу	08.07.2024ж
Гүлдерге су күйгізу, гүлдерді тамашалату Міндеті: Балаларды еңбекке баулу	09.07.2024ж
Құстар: Аулаға ұшып келген құстардың қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру Міндеті: Балаларға зерттеу жұмысын көрсету	10.07.2024ж
Музыкалық іс шара «Көңілді жарыстар	11.07.2024ж

Міндеті: Балалардың шығармашылық дағдысын дамыту	
Қимылды ойын. «Қоян мен қасқыр», «Соқыр теке», «Айгөлек».	12.07.2024ж
Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту	
Шілде айы 3 апта	
«Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру	15.07.2024ж
Міндеті: Әдет-Гұрыптарды үйрету	
«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу.«Жуыну әні	16.07.2024ж
Міндеті: Шынықтыру шаралары	
Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам»	17.07.2024ж
Міндеті: Жаз мезгілінде көлік жолақтарынан өтуді үйрету	
Құммен, сумен ойындар: суда сурет салғызу	18.07.2024ж
Міндеті: Танымдық зерттеушілік дағдыларды дамыту	
«Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс	19.07.2024ж
Міндеті: Зиянды әрекеттерден сақ болу	
Шілде айы 4 апта	
Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау.	22.07.2024ж
Міндеті: Балалардың шығармашылығын дамыту	
Қимыл-қозғалыс ойыны «бакшадағы қояндар».	23.07.2024ж
Міндеті: Балалардың физикалық дағдысын дамыту	
«Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік	24.07.2024ж

қытығушылықтарына қолдау көрсету, Су бетінде сурет салу. Міндеті: Танымдық дағдыларын дамыту	
Қимылды ойын «Гарналар», «Гүйілген орамал», «Арқан тартыс» Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту	25.07.2024ж
Гүлдерді бақылау, су құйғызу Күннің гүлдерге әсерін бақылау . «Құндырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру. Балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына жағдай жасау) Міндеті: Балаларды шығармашылыққа еңбекке баулу	26.07.2024ж
5-апта шізде	
«Менің сүйікті зерттеуім» Құмды зерттеу Міндеті: Балаларды танымдық зерттеуін дамыту	29.07.2024ж
«Сүйікті отбасымды бейнелеу» Міндеті: Отбасы мүшелерін баяндау	30.07.2024ж
«Сары жасыл жолақтар» Міндеті: Балаларды сары жасыл жолақтар ойыны арқылы физикалық қимыл –қозғалысын дамыту	31.07.2024ж
Тамыз айы 1 апта	
«Сикырлы қапшық»дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қапшықтың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтату, ойыншықты алған соң атын , түсін айтқызу сөйлеу дағдысын дамыту Міндеті: Балалардың танымдық дағдыларын дамыту, қол моторикасын бейімдеу	01.08.2024ж
Құрастырмалы материалдардан түрлі үйлерді жинап құрастыруды қалыптастыру Міндеті: Балалардың ойлау дағдысын дамыту, танымдық іс-әрекетті кеңейту	02.08.2024ж
Тамыз айы 2 апта	
Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.	05.08.2024ж

Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	
«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. Міндеті: Балалардың сымбатын түзеу	06.08.2024ж
«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Міндеті: жеке бас гигиенасы адам өмірінің ұзақ өмір сүру ережелін үйрету	07.08.2024ж
Балалардың сүйікті қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Міндеті: Физикалық дағдыларды дамыту	08.08.2024ж
Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Міндеті: қоршаған ортамен таныстыру, басқа тіршілік илерінің өмірімен таныстыру	09.08.2024ж
Тамыз айы 3 апта	
Құлпырған әлем, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (апликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру Міндеті: шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру	12.08.2024ж
Баланың бойында туган жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, таклак айтқызу. Міндеті: Шығармашылық дағдыларын дамыту	13.08.2024ж

Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, Міндеті: Балаларды денсаулықты сақтау ережелерімен таныстыру	14.08.2024ж
Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау Міндеті: Қорғаған ортамен таныстыру, дәнді дақылдар пайдасын үйрету	15.08.2024ж
«Мен атамның көмекшісімін» тақырыбында әңгімелесу; Міндеті: Еңбекке баулу	16.08.2024
Тамыз айы 4 апта	
Нан кикімімен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. Міндеті: Қамқорлық жасау сөзінің мағынасын түсіну	19.08.2024ж
- «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу тілін дамыту; Міндеті: Ермексазды дұрыс қолдану, шығармашылық дағдысын дамыту	20.08.2024ж
- Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; Міндеті: Есте ақтау қабылетін дамыту	21.08.2024ж
Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу; Міндеті: Мамандық түрлерімен танысу, болашаққа мақсат қою	22.08.2024ж
- «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау Міндеті: балалардың өміріне қажетті кеңестер беру, әжелер кеңесін тамашалау	23.08.2024ж
Тамыз айы 5 апта	
- Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; Міндеті: Ұлттық құндылықтарды дамыту, ата-анамен бірлескен жұмыс жасау	26.08.2024ж

<p>Ұлттық ойындар күні далада өткізілетін іс-шара Міндеті: Ұлттық құндылықтарды дамыту, ұлттық ойын түрлерімен танысу</p>	27.08.2024э
<p>Еркін сурет байқауы далада өткізілетін іс-шара Міндеті: Ұлттық нақышта суреттер салу</p>	28.08.2024ж
<p>«Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концертке қатысу Міндеті: Қ.Р. ата-заңы туралы білім беру</p>	29.08.2024ж

Бекітемін
Менгеруші



А.Абилова

Маусым 1 апта
Кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.06.2024	Сейсенбі 04.06.2024	Сәрсенбі 05.06.2024ж	Бейсенбі 06.06.2024ж	Жұма 07.06.2024ж
Балаларды таза ауада қабылдау, қарау, тексеру.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақшада сақтайтын әдептілік ережелері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Еңбек тапсырмалары: Табиғат бұрышындағы гүлдерді сүтару.				
	Үстел үеті театры: «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі Мақсаты: балаларға үстел үетінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру	Сюжетті-рольдік ойын: «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: балаларға өздері қалаған қуыршақпен ойнауға, тамақтауға мүмкіндік беру. Ойынға қызығушылықтарын арттыру.	Ойын – жаттығу «Қуыршақты жуындыр» Мақсаты: балаларға тазалық туралы үйрету. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын: Кімнің заттары?» (Балабақша заттарын анықтау);	Қимылды/ойын: «Жанды ойыншықтар» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету.
Таңғы гимнастика	<i>Маусым айының 1-аптасына арналған жаттығулар кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (Физикалық дене шынықтыру дағдыларын қалыптасытру)</i>				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртінуді. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау				

Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. (Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту)				
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы төбет тілен, лебіз айтуға үйрету. Әдепті тамақтану (Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Балалардың көрген мультфильмдерін ен алған әсерлерімен бөлісу Міндеті: Балалардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою.	Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. Міндеті: Балалардың зейінін дамыту	Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Міндеті: Балалардың еліне деген сүйіспеншілігін ояту	Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. Міндеті: Ұлттық құндылықтарды дарыту	Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». Міндеті: Физикалық дағдыларын қалыптастыру
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету, Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Күндізгі серуен	1.Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысық бақылау жасау	1.Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау.	1.Бақылау: Ауа – райын бақылау. Мақсаты: Ауа райындағы	1.Бақылау: Жанбырдың жауғанын бақылату	1. Бақылау: Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.

	<p>2.Енбек. Аула сыпырушыға көмектесу.</p> <p>3.Жеке жұмыс. Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Ойға батып мысық Мысық сүтке тойды Отыр көтін қысып Көзін қысып қойды Әндетіп бір баяу Әндетіп бір баяу Дейді мияу, мияу, мияу. Дейді мияу, мияу, мияу.</p> <p>4.Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық» «Кім тез жетеді?»</p> <p>Максаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>5.Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереву бұға қалалы</p>	<p>Максаты: тазалыққа, жемдікке баулу. Енбек сүйгіштікке, үлкендер енбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>2.Енбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.</p> <p>3.Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін қайталау, әңгімелету.</p> <p>4.Қимылды ойындар: «Кім шапшаң?» «Ұтып ал»</p> <p>Максаты: Икемділікке баулу.</p> <p>Көркем сөз. «Тазалық-денсаулық кепілі».(мақал)</p>	<p>өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру.</p> <p>Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.</p> <p>2. Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуыспақ»</p> <p>Максаты: Икемділікке баулу.</p> <p>3. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.</p> <p>4. Енбек: Телімдегі гүлдерге су құю.</p> <p>5. Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк белеңді сау – сау.</p>	<p>Максаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру.</p> <p>Жерге сіңуін көсету. Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.</p> <p>2.Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр», «Жасмырмбақ»</p> <p>Максаты: Икемділікке баулу.</p> <p>3. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың.</p> <p>4. Енбек. Телімдегі қағаз,коқыстарды жинау</p> <p>5. Көркем сөз: Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын. Жауған жерің шөп болсын</p>	<p>Максаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсету. Аққайын ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуға үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Шенберге дәл түсір»«Өз ағашыңды тап»</p> <p>Максаты: Дене қимылдарын дамыту.</p> <p>3. Жеке жұмыс. 3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету</p> <p>4. Енбек. Телімдегі бұтақтарды жинау.</p> <p>5. Көркем сөз. Жапырақтар, жапырақтар. Күз болғанда сарғаяды. Ал қазір тұр алдымызда, Жап-жасыл боп бояуы</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, сөрелерге аяқ киімдерін реттеп қою				

Гигиеналык шаралар	Санитарлык-гигиеналык шараларды сактап жуыну. Кажеттиликке карай балаларга көмөк көрсөтүп дагдыларды калыптастыру. (Өзине –өзі қызмет ету дагдыларын дамыту)					
Түскі ас	Балалардын назарын тагамга аудару ; мәдениетті тамактануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Мәдени этикалык дагдыларды калыптастыру					
Түскі ұйқы	Шалқан Ертегісін оқып беру	«Мақта кыз бен мысық» Ертегісін оқып беру	Нурлан Әлімжанов «Балапаным»	Классикалык баяу музика тыңдату	Жазира Байырбекова «Тэй -тэй»	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдiр су, Мөлдiр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетiң, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдiр су, Мөлдiр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетiң, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдiр су, Мөлдiр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетiң, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдiр су, Мөлдiр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетiң, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдiр су, Мөлдiр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетiң, маңдайың.	
Бесін ас	Балалардын назарын тагамга аудару ; мәдениетті тамактануға баулу бойынша жеке жұмыс Мәдени-гигиеналык дагдылар мен Өзине-Өзі қызмет көрсету дагдыларын дамыту					
Тәрбиеші мен баланың еркін ойыны	Қимылды ойындар «Қасқыр мен Қаздар», «Үкі» (2-Зрет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қактығысып қалмай жүгіруге үйрету, төзімділікпен кезегін күтуге баулу	Кешкі уақыттағы ауа –райына бақылау жасау. Мақсаты: Балаларға өздіктерінен ауа –райына бақылау жасауға кеңес беру, ауа – райына сәйкес киінуге үйрету.	Ойын: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Сюжетті-рөлдік ойын «Жан досым» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту	Дидактикалык ойын: «Бір сөзбен айт» Мақсаты: Балаларды бір сөзбен айтуга үйрету. Мынау не? сұраққа жауап беру..	
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дагдыларын калыптастыру. Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету. Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзине –өзі қызмет ету дагдыларын дамыту)					

Серуен	<p>Әсем гүлдер бағында таза ауа жету «Көңілді эстафета!» ойыны арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу. Мақсаты: шапшаң қимылдап, командалық қарым қатынас сыйластығына тәрбиелеу.</p>	<p>Ауа-райын тамашалау «Әдептілік-әдемілік» әңгімелесу арқылы сұхбат алу. Мақсаты: жақсы қасиеттерді бойға сіңіру, әдептілікке тәрбиелеу секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту.</p>	<p>Табиғатқа құрметпен қарау «Зат неге ұқсайды» Мақсаты: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.</p>	<p>Таза ауамен тыныс алу «Бауда әлде бақшада?» Мақсаты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтау «Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
Балалардың үйге қайтуы Ата-анаға кеңес	Еркін ойындар	Сау бол, ертенге дейін.	Ата-аналарға кеңес: Ертенгі уақытта үйден ойыншық әкелмеу	Сау болыңдар балалар.	Ата-аналарға жақсы демалуға тілек білдіру
<p>Сута шомылу, күнге қыздырыну басқа да жаз мезгілінде орындалатын емшара процедуралары күн тәртібінде медбикемен келісіліп жүргізіледі.</p>					

Бекітемін
Менгеруші



Абильдаева

Маусым 2 апта
Кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.06.2024	Сейсенбі 11.06.2024	Сәрсенбі 12.06.2024ж	Бейсенбі 13.06.2024ж	Жұма 14.06.2024ж
Балаларды таза ауала қабылдау, қару, тексеру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы; балабақшада сақтайтын әдептілік ережелері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Еңбек тапсырмалары: Табиғат бұрышындағы гүлдерді сугару.				
	Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балаларды сөздік қорын қарапайым сұрақтар арқылы байыту.	Әңгіме құрастыру «Сенің үйдегі досың» Мақсаты: Балаларға дос туралы түсінік қалыптастыру	Ойын жаттығу «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен айт» Мақсаты: Балаларды бір сөзбен айтуға үйрету. Мынау не? сұраққа жауап беру.
Таңғы гимнастика	<i>Маусым айының 2-аптасына арналған жаттығулар кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (Физикалық дене шынықтыру дағдыларын қалыптасыту)</i>				

Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты қалалықтандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау				
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жутызу. (Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту)				
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету., Әдепті тамақтану (Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	<p>Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету.</p> <p>Міндеті: Балалардың шығармашылық дағдысын дамыту, Мультфильм желісін айтып беру</p>	<p>Ашылып жабылатын, құрастырмалы заттарды құрастыру бойына, көлеміне қарай топтастыруды қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Балалардың бойында зейінін құрпстыруға аудару, заттардың көлімін анықтауға үйрету.</p>	<p>Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат.</p> <p>Міндеті: Балаларға жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету.</p>	<p>Құстар «Балапан» (тауық, үйрек, қаз балапандарының біреуі) қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру</p> <p>Міндеті: Жыл құстарының түрін ажыратуды үйрету.</p>	<p>Үй жануарлары: Қозы мен лақты салыстыру</p> <p>Міндеті: Үй жануарларын ажырату, қоршаған ортамен танысу</p>
Серуенге дайындық:	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету, Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				

<p>Күндізгі серуен</p>	<p>Итті бақылау Үй жануарлары туралы түсінік қалыптастыру; Иттің сырт келбеті мен жүріс тұрысы туралы айту; Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Қожайындары серуендетіп жүрген иттерді бақылау. Иттің сырт келбеті мен жүріс тұрысын сипаттау, адам өміріндегі алатын орнын түсіндіру. Кімнің үйінде ит бар екендігін сұрау және</p>	<p>Аспанды бақылау Мақсаты: Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы: «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы Біле алмадым мұны әлі Білерім көк аспанның Бұлт – көшпелі бұлағы Тәрбиеші сұрақтары - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден</p>	<p>Өтіп бара жатқан көлікті бақылау Мақсаты: Сырт бейнесіне қарап көліктерді ажырата алуға үйрету. Бақылау барысы: Көшелерде жүріп жатқан көліктері бақылау. Көлік жүргізетін адамды жүргізуші деп ал қалғандарын жолаушылар деп айтатынын түсіндіру. Жол жүру уақытында жүргізушімен сөйлесуге, алаңдатуға</p>	<p>Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау. Мақсаты: Балаларды жолдың жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру; Жол жүру ережесі туралы естерінде сақтау; Бақылау барысы: Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау. Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып, түсіндіру. Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін түсіндіру. Еңбекке баулу:</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: Аула сыпырушының көктем кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа әңгімелесу. Көркем сөз</p>
------------------------	--	--	--	---	--

<p>иттері туралы айтуды өтіну.</p> <p>Еңбекке баулу: Табиғат бұрышындағы жануарларға шөптер дайындау.</p> <p>Мақсаты: Жануарларды күтуге ниеттерін арттыру, оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету.</p> <p>Қимылды ойын: «Жалбырит»</p> <p>Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету;</p>	<p>тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен)</p> <p>- Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат – қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)</p> <p>- Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек – түйдек болып тұрады)</p> <p>- Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</p> <p>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар?</p>	<p>болмайтынын айту. Егер осы ережелер сақталмаса жол апаты болуы әбден мүмкін екенін түсіндіру.</p> <p>Еңбекке баулу: Алаңды жинау.</p> <p>Мақсаты: Сыпырғыштарды дұрыс пайдалануға баулу.</p> <p>Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p> <p>Мақсаты: Жол жүру ережелерін сақтауға үйрету; Жүк көліктері туралы білімдерін бекіту;</p>	<p>Күрғақ жапырақтарды бір жерге жинау.</p> <p>Мақсаты: Балаларды тырмамен дұрыс жұмыс істеуге үйрету; Шелектерді белгілі мөлшерге дейін толтыруға үйрету;</p> <p>Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер»</p> <p>Мақсаты: Жол ережелері туралы білімдерін бекіту;</p> <p>Жолда жүру тәртібін есте сақтауға баулу;</p> <p>Қажетті материалдар: рөлдер, қалақша, шелек, машиналар.</p>	<p>Жақсы бала еңбекшіл, Ер азамат болады. Қиындықты жеңіп кіл, Құшағы гүлге толады.</p> <p>Еңбекшіл осындай Болайықшы, досым-ай.</p> <p>Еңбекке баулу: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу.</p> <p>Мақсаты: -ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдау; -еңбекке баулу.</p> <p>Қимылды ойын: «Затты абайла»</p> <p>қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты:</p>
---	--	---	--	---

	-Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: қалақшалар, машиналар, қуыршақтар.	(түнерген найзағайлы бұлттар) - Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) - Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Еңбекке баулу Қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан»	Қажетті материалдар: қалақшалар, шелек, сыпырғыштар.		Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: сыпырғыш, қалақша, шелек, ойыншықтар.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, сөрелерге аяқ киімдерін реттеп қою				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық шараларды сақтап жуыну. Қажеттілігіне қарай балаларға көмек көрсетіп дағдыларды қалыптастыру. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Қияр мен қырыққабат	Құлын, қозы, лақ. ертегісін оқып беру.	Мысық, әтеш және түлкі	Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады? ертегісін оқып беру.	Баяу музыка тыңдату

	ертегісін оқып беру.		ертегісін оқып беру.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс Мәдени-гигиеналық дағдылар мен Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін ойыны	«Көңілді эстафета!» ойыны арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу. Мақсаты: шапшаң қимылдап, командалық қарым қатынас сыйластығына тәрбиелеу.	«Әдептілік-әдемілік» әңгімелесу арқылы сұхбат алу. Мақсаты: жақсы қасиеттерді бойға сіңіру, әдептілікке тәрбиелеу секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту.	Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды» Мақсаты: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.	Дидактикалық ойын «Бауда әлде бақшала?» Мақсаты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.	«Бағдаршам»(сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Өзі-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету. Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Серуен	Араның суретінен пазл құрау, карапайым пазлдарды жинай	Құмырсқаның суретін бояу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің	Қиындыларға ермексаз жабыстыру, түстерін сай.	Қағаздан қоныз жасау. Қоныздың суртеін бояу.	Иinelік қиындыларына ермексаз орналастыру,

	алу қабілеттерін қалыптастыру балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру; сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптастыру.	қозғалысын жетілдіру, құмырсқаның суретін жабыстыру. Пазл құрау	қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру		Конструктордан иелік жасап көру
Балалардың үйге қайтуы Ата-анаға кеңес	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет».	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру
Сұта шомылу, күнге қыздырыну басқа да жаз мезгілінде орындалатын емшара процедуралары күн тәртібінде медбикемен келісіліп жүргізіледі.					

Бекітемін
Менгеруші



А.Абилдаева

Маусым 3 апта
Кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.06.2024	Сейсенбі 18.06.2024	Сәрсенбі 19.06.2024ж	Бейсенбі 20.06.2024ж	Жұма 21.06.2024ж
Балаларды таза ауада қабылдау, қарау, тексеру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақшада сақтайтын әдептілік ережелері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Еңбек тапсырмалары: Табиғат бұрышындағы гүлдерді сугару.				
	Жаз сыйы туралы әңгімелесу «Жемістер» (сурет қарастыру) Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Бдыстар» (ойыншықтар жиынтығы) Мақсаты: баланың сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Дидактикалық ойын «Сиқырлы сандық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу (көркем суреттер қарастыру) Мақсаты: сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Суреттер қиындысы» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Таңғы гимнастика	<i>Маусым айының 3-аптасына арналған жаттығулар кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (Физикалық дене шынықтыру дағдыларын қалыптасытру)</i>				

Гигиеналык шаралар	Салкын сумен жууну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін косымша санитарлык талаптар койылган болса орындау				
Таңгы аска дайындык	Балалармен бирге ойыншыктарды орнына жинау, олардын жауапкершилликтерин арттыру максатында кезекшиллик ұйымдастыру. Тамактанар алдында кол жуу ережесин сактап жуғызу. (Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту)				
Таңгы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.. Әдепті тамақтану (Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Шебер қолдар өнері: түймеленетін, бауланатын бұйымдарды түймелеуді, баулауды пысықтау Міндеті: Балалардың қол моторикасын дамыту	Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»... Міндеті: Қоршаған ортамен танысу	Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Міндеті: Балаларды зерттеу жұмысымен дағдыландыру	Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне карап таны», «Бақшадағы қояндар» ойындарын ойнату Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту	Денсаулық іс – шарасы: «Су патшалығына саяхат» мерекелік қойылымдар өткізу Міндеті: Физикалық дағдыны дамыту, сауықтару іс шарасын жүргізу.
Серуенге дайындык:	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету, Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Күндізгі серуен	1.Бақылау: Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салкын, жаңбыр, т.б.) Мақсаты: Ауа райындағы	1.Бақылау: Ауа – райын бақылау. Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға	1.Бақылау. Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты:Біздің бала бақшаның аула сыпырушысы атайдың еңбек	Бақылау. Құстарды бақылау. Түрлерін айыра білуге үйрету. Мақсаты: Құстардың түрлері де түс тері де әртүрлі екен біреуі	1.Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балалар бүгінгі ауа-райы қандай екен. Қандай тамаша күн шуағын тегін тұр . Ауа-райы жақсы болса біз де таза-ауада

	<p>өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.</p> <p>2.Қимылды ойындар: «Шенберге дәл түсір» «Тышқан мен мысық»</p> <p>Мақсаты: Елтілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>3.Жеке жұмыс. Өздерінің білетін тақпақтарын жатқа айтқызу.</p> <p>4.Енбек: Ойын атанымалды жинастыру.</p> <p>5.Көркем сөз: Жыл мезгілдері туралы тақпақтар. Абайдың жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдері.</p>	<p>үйрету. Жылдың бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану. Адамдардың сыртқы киімдеріне, айналадағы құстарға көңілдерін аударту.</p> <p>2. Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»</p> <p>Мақсаты: Елтілікке баулу.</p> <p>3.Жеке жұмыс: 3-4 балаға бау байлауды үйрету.</p> <p>4.Енбек. Құмды бір жерге үйіп, үстінен су шашу.</p> <p>5.Жұмбақ жасыру. Төңірегі тең көрініп, Теген жатыр төңкеріліп, Жас та сыйған, кәрі сыйған. Астына оның бәрі сыйған.</p> <p>(аспан)</p>	<p>құралдарын көрсеру қай құрал не үшін керек екенін айту.</p> <p>Қимылды ойындар: «Үстап ал» «Біз көңілді баламыз»</p> <p>Мақсаты: Елтілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>3.Жеке жұмыс .Көрсетілген белгіге дейін ара қашықтықта (4 метрдей) түлкі, сияқты жүру.</p> <p>4.Енбек. Жолды тазалау, жаю адамдар жүретін жолдарды тазалау.</p> <p>5.Көркем сөз. Енбек ер атандырар. (мақал) Енбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей</p>	<p>қара,біреуі ала,біреуі үлкен,біреуі кіші екенін бақылау.</p> <p>2.Қимылды ойындар: «Торғайлар мен мысық» «Кім жылдам?»</p> <p>Мақсаты: Елтілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>3. Жеке жұмыс .Кегилдің арасымен жүру. (1-2 баламен)</p> <p>4.Енбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.</p> <p>5. Көркем сөз. Ақ көгершін, көгершін, Қолғанат құс сен едің. Бар кезіп қайт, ел үшін, Кен дүниенің көлемін.</p>	<p>көбірек серуендеп қайтамыз әңгімелесу.</p> <p>2.Қимылды ойындар: «Кім тез атайды?» «Телефон»</p> <p>Мақсаты: Елтілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>3.Жеке жұмыс. 3-4 балаға пішіндерді айтқызу, ұқсастықтарын таба білуге үйрету.</p> <p>4.Енбек. Аула сыпырушыға көмектесу.</p> <p>5.Жұмбақ жасыру. Аспанда бірана бар, Маңы толған балалар. (Ай мен жұлдыздар) Кездеспейді екеуі, Көк аспанда мекені. (Ай мен Күн)</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, сөрелерге аяқ киімдерін реттеп қою				

Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық шараларды сақтап жуыну. Қажеттілігіне қарай балаларға көмек көрсетіп дағдыларды қалыптастыру. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Мысық, әтеш және түлкі ертегісін оқып беру.	Торғай мен тышқан ертегісін оқып беру.	Баяу музыка тыңдату.	Шалқан ертегісін оқып беру.	Бауырсақ ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	<i>Салауатты өмір салты</i> туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. <i>Кілемшемен жүргізу</i>	<i>Жалпы дамытушы жаттығулары</i> Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар	<i>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</i> ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.	<i>Салауатты өмір салты</i> туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. <i>Кілемшемен жүргізу</i>	<i>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</i> ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс Мәдени-гигиеналық дағдылар мен Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін ойыны	<i>Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында</i> көгөніс пен жеміс атауларын үйрету	<i>Физикалық қасиеттерді дамыту</i> Сыртқа шығуға ересектердің көмегімен дайындалу	<i>Танымдық және зияткерлік</i> дағдыларды дамыту Бүгінгі ауа райына қарап сыртқа шығуға дайындалу	<i>Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында</i> Ыдыс түрлерін атауларын үйрету	<i>Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында</i> Жыл мезгіл атауларын үйрету

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, Киінудің бірізділік киіну ретін, алгоритмін көрсету, Бір-Біріне көмек көрсету. (Өзіне –өзі қызмет ету дағдыларын дамыту)				
Серуен	Табиғат аясына серуендеу. Қимылды ойын: «Бакшадағы қояндар»	Еркін ойындар. Максаты: Балалардың көңіл- күйлерін көтеріп, қызығушылықтарын арттыру.	Жаз мезгілі туралы әңгімелеу. Қимылды ойын: «Қағып ал да ата»	Ауа-райын тамашалау. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»	Табиғатқа қызығушылықпен карау. Қимылды ойын: «Қонжық»
Балалардың үйге қайтуы Ата-анаға кеңес	Ата-аналардың балаларымен өртке қауіпті заттар туралы сөйлесуді өтіну.	Ата-аналардың балаларымен көше қоғалысы туралы сөйлесуді өтіну.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларымен жазғы демалыс туралы сөйлесуді сұрау.	Ата-аналардың балаларымен дәрілік өсімдіктер туралы әңгімелесуді сұрау.
Суға шомылу, күнге қыздырыну басқа да жаз мезгілінде орындалатын емшара процедуралары күн тәртібінде медбикемен келісіп жүргізіледі.					

Бекітемін
Менгеруші



Маусым 4 апта
Кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.06.2024	Сейсенбі 25.06.2024	Сәрсенбі 26.06.2024ж	Бейсенбі 27.06.2024ж	Жұма 28.06.2024ж
Балаларды таза ауада қабылдау, қарау, тексеру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақшада сақтайтын әдептілік ережелері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Еңбек тапсырмалары: Табиғат бұрышындағы гүлдерді сүзату.				
	Ойыншық өні туралы не айтады? Дидактикалық міндет. Балаларды заттардан өзіне тән өңгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету; сөйлеу, тыңдау қабілетін дамыту.	Кім тез жинайды? Дидактикалық міндет. Балалардың жеміс пен көкөністерді тез топтастыруға үйрету, тәрбиешінің сөзіне жылдам әрекет етуге, төзімділікке және тәтіптілікке тәрбиелеу	«Ыстық-суық» Дидактикалық міндет. Балалардың топтың бөлмесіндегі өсімдіктер жайлы білімдерін тереңдету; әуестік, тапқырлықты тәрбиелеу; сөйлеу қабілетін дамыту	Ағашқа жүгір Дидактикалық міндет. Балалардың балабақшаның аумағында өсетін ағаштар туралы білімдерін қорыту; керек ағашты тез табуға үйрету.	Жұп суреттер Дидактикалық міндет. Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.
Таңғы гимнастика	Маусым айының 4-аптасына арналған жаттығулар кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (Физикалық дене шынықтыру дағдыларын қалыптасытру)				

Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртуіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау				
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жеткізу. (Өзіне-Өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту)				
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы табет тілеп, лебіз айтуға үйрету., Әдепті тамақтану (Мәдени этикалық дағдыларды қалыптастыру)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
